

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің бағдарламалық еңбектерінде шешуші бағыттары ретінде жана қазақстандық патриотизм, қазақстандық халықтардың әл-ауқаты мен өркендеуі, этносаралық және конфессияаралық келісім болып табылатын зайырлы мемлекеттің гасырдың ортасына дейінгі стратегиялық дамуының жүйелі тұжырымдамасын ұсынды. Бұл ретте қоғамда, ең алдымен, жастар ортасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік қозғалыстар ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет - Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарда діни сананың қалыптасуына ерекше назар аударылады.

Дінді жамылған экстремистік және террористік идеологияның таралу процесі соңғы уақытта іс жүзінде бұкіл әлемде ауқымды сипатқа ие болып отыр.

Қазақстанда әлемдегі өзінің геосаяси жағдайына қарай, Орталық Азия өңіріне географиялық жағынан жақын Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі тұрақсыздыққа орай халықаралық терроризмге байланысты қауіптіліктің туындап отырғаны үнемі ескерілуі қажет.

Қазіргі таңда әлемдегі діни терроризмге байланысты үрейлі үрдістер жұртшылық назарын өзіне аударуда. Оздеріңіз күе болған 2011 жылғы Тараз қаласында орын алған ланкестік акт оқиғасы қауіп қатердің бізден алыс емес екендігін дәлелдейді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін діни сенім бостандығына жол ашылып, қоғамда дінді ұстанушылар саны, әсіресе жастардың дінге деген қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Бүгінгі таңда кез келген діни ғимараттағы жамағаттың көп бөлігін жастар құрайтыны баршамамызға мәлім.

Сонымен бірге, олардың саны түлғанын діни өзін-өзі тану қажеттілігін ғана емес, қоғамдағы қалыптасқан жалпыға ортақ мәдени және рухани дәстүрлерді бұзу мақсатында құралған жалған діни ұйымдардың белсене қызмет етуіне байланысты осуде.

Жамбыл облысы әкімдігінің Дін істері басқармасының мәліметтеріне сәйкес, қазіргі таңда облыс бойынша діни бірлестіктер мен филиалдар және өкілдіктердің жалпы саны 317-ні құрайды. Оның ішінде: 275-і мұсылмандар діни басқармасының филиалдары (мешіттер), 42-сі христиандық діни бірлестіктер, 6 - православтық, 1 - рим-католик, 34 - протестанттық, оның ішінде: 9 - «Иегова куәгерлері» діни бірлестіктер тіркелген. Айта кететін болсақ, қазіргі таңда Қазақстанға шет елдерден келіп жатқан әр түрлі миссионерлердің де саны жылдан жылға ұлғаяуда.

Осыған байланысты қоғамдық және рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңыздылығын ескере отырып, жағымсыз үдерістердің алдын алу жұмыстары жоғары оқу орындарының

басты назарында болуы тиіс.

Сондай-ақ, Тараз мемлекеттік университетінде тәрбие жұмысының діни экстремизмнің алдын-алу бағыты бойынша студент-жастардың арасында конфессияаралық келісім және толеранттылықты насихаттау, казак халқының рухани-мәдениетін және дәстүрлерін нығайту, діни және кықытық сауаттылықтарын арттыру, деструктивті діни агымдардың кері әсерін түсіндіру, когаммен мемлекеттің зайырлылық кағидаларын студенттердің санасына жеткізу арқылы жүргізіледі.

2013-2014 оқу жылында университетте жоспарлы жұмыстар жүйелі түрде атқарылды. Осы салада тәрбие жұмысын регламенттейтін Білім және ғылым министрлігінің «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары» және «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» негіздерінде бірқатар нормативтік құжаттар құрастырылып, бекітілді:

- «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіндегі 2013-2014 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы бойынша іс – шаралар жоспары» (02.09.2013 ж.);
- «Студенттер арасында діни экстремизмнің идеологиясына қарсы иммунитетін қалыптастыру бойынша М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің іс - шаралар жоспары» (02.09.2013);
- Жоғары оқу орнындағы студенттердің жүріс түрыс этикасы мен негізгі этикалық ережелерін айқындайтын арнайы «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті студентінің ар-намыс кодексі» (29.10.2013 ж.);
- М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті және Жамбыл облысы Дін істері департаменті арасындағы бірлескен жүйелі іс-шараларды жүргізуге арналған меморандум (7.02.2013 ж.).

Жалпы аталған жоспарлар бойынша есептік мерзімде факультеттер, құрылымдық бөлімдер мен студенттер жатақханаларында 14 кездесу, 12 донгелек үстел, 3 конференция, 5 кітап қормесі, 2 библиографиялық шолу, 10-нан аса ашық кураторлық сағаттар, 18 дискуссия, 4 пікірсайыс, , 3 жастар акция, 8 арнайы лекция және сауалнама өткізілді.

Атап айтатын болсақ: «Діни экстремизм халықаралық террордың бір бөлігі. Имандылық – бақыттың шыны, имансыздық – екі дүние мұны», «Жастар – діни экстремизм мен терроризмге қарсы», «Дін және когам», «Қазақстандағы дәстүрлі емес діни агымдардың идеологиясы мен негізгі белгілері», «Студенттер арасында діни сананың қалыптасуы», «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа тәуелді қауіп», «Исламдағы – дінаралық келісім» тақырыптарында технологиялық, су шаруашылығы, экология және құрылыс, экономика және бизнес, ақпараттық технологиялар, автоматика және телекоммуникация, гуманитарлық - әлеуметтік ғылымдар факультеттерінде ашық кураторлық сағаттар өткізілді. Кураторлық сағаттар барысында экстремизмнің түрлерін айқындау, ланкестіктің қауіп-қатерін түсіндіру, исламның мазхабтары туралы, өзге діни бірлестіктер мен жалған діни агымдардан сақтану жолдары және т.с.с. тақырыптар аясында пікір-таластар өткізілді.

Сонымен қатар, гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар, ақпараттық технологиялар, автоматика және телекоммуникация, технологиялық, заң, экономика және бизнес факультеттерінде «Дін және когам», «Дін және жастар» студенттердің діни сауаттылығын арттыру мақсатында облыстық ниятулла мешітінің бас имамы Данияр Жұмабаев, медресе ұстазы Исатай Оразов, Жамбыл облысы әкімдігінің Дін істер

баскармасының оқилдері және ректордың тәртіп жоніндегі комекшісінің катысуымен бірнеше кездесулер откізілді.

Факультеттердің академиялық топтарында «Діннің қазіргі тандағы атқаратын ролі», «Дін және мәдениет», «Қазак қыздарына хиджаб киюі міндет пе?» тақырыптарында донгелек үстелдер откізілсе, гуманитарлық – әлеуметтік ғылымдар факультетіне карасты «Сымбат» қыздар клубының ұйымдастыруымен студент қыздардың арасындағы хиджаб кию себептері мен мәселелерін карастыру максатында, кәсіби психолог маманының катысуымен арнайы әнгіме-сұхбаттар және түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде екі студент қыз хиджабтарын шешіп, университеттің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес киім үлгілерін кие бастады.

Университеттің екі жатақханасында студенттер арасында діни экстремизмнің алдын алу максатында «Философия және саясаттану» кафедрасының оқытушылары «Жастарды діни экстремизмнен сактандыру жолдары», «Діни радикалды агымдардың ықпалынан абай болайық!» атты арнайы лекциялар оқылды. Университеттің «Аналар Кенесінің» ұйымдастыруымен №1 технологиялық кешенінің студенттер жатақханасында «Қыздарға әсемдік жарасады» атты донгелек үстел отырысы откізілсе, студенттік кәсіподак ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар назарына!» атты акциясы откізілді.

2014 жылдың 26 ақпанында технологиялық факультеті «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа тонген қауіп» атты студенттер арасында тәжірибелік конференцияны откізіп, экстремизмнің елімізге келтіретін зардаптарын жан-жақты талдап, жастарға ой салу, қатер тондіретін жат діни агымдардан сак болу мәселелері карастырылды.

2014 жылдың 23 сәуір күні ТарМУ-да Жамбыл облыстық прокуратурасы, зан факультетімен бірлесе отырып «Қазіргі заманғы діни экстремизм мен терроризмнің қауіпіне қарсы тұрудың мәселелері мен болашағы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция отті. «Қопмәдинеттік ортада конфессияаралық келісімге келу жолдары және терроризм мен діни экстремизмнің саяси әлеуметтік аспектілері», «Халықаралық терроризм мен экстремизм қаупі осуінің жағдайында ҚР-да ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері», «Конфессияаралық қарым – қатынасты нығайтуда азаматтық қоғам институттарын жұмылдыру» атты секциялары бойынша баяндамалар тыңдалды. Конференцияға Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің департаменті, Ішкі істер департаменті, Ішкі саясат басқармасы, Жастар саясаты мәселелері басқармасы, Дін істері басқармасы, Мұсылмандары Діни басқармасы және Орыс православтық шіркеудің Тараз Епархиясының оқилдері катысып, конференция туралы ақпарат республикалық және облыстық БАҚ-да кенінен жарияланды. Конференция жұмыс қорытындысы бойынша қарар қабылданып, баяндамалар жинағы шығарылуда.

Жалпы университеттегі тәрбие жұмысының басты нәтижесі куратордың академиялық топтармен жүргізілген жұмысына тікелей байланысты. Кураторлардың тәрбие жұмысы бойынша педагогикалық біліктілігін арттыру максатында, университетте «Кураторлар мектебі» екінші жыл қатарынан оз жұмысын жүргізуде. Ағымдағы оқу жылында 105 оқытушы Кураторлар мектебінің оқу курсына аяқтады.

Кураторлардың теориялық және әдістемелік дайындық деңгейін қотеру, оларды студенттермен жұмыс жасаудың заманауи үлгілері, тәсілдері және жана педагогикалық технологияларымен таныстыра отырып, діни сауаттылықтарын арттыру максатында Кураторлар мектебінде «Ханафи мазхабының үстанымдары мен қазактың ұлттық құндылықтарының сабақтастығы», «Қазак халқының қыздарды тәрбиелеу дәстүрлері»,

«Ислам дініндегі хиджаб кию рәсімі және онын казак дәстүріне катысы», «Студент жастардын діни экстремизм идеологиясынын ықпалына берілу қауіпі және онын алдын-алу шаралары» тақырыптары бойынша «Психология және педагогика» кафедрасынын профессоры Ж.Т.Сарыбекова, «Философия және саясаттану» кафедрасынын доценттері М.Ж.Спанов, Р.О.Баярисовтын арнайы дәрістері өткізілді. Сонымен қатар «Философия және саясаттану» кафедрасынын ұйымдастыруымен университеттің профессор-оқытушыларына арналған «Студент жастар арасында діни радикалды агымдар идеяларынын таралу қауіпі және онын алдын алу бойынша университет оқытушыларынын міндеттері», «Базовые духовные ориентиры и взгляды студенческой молодежи к религии», «Діни фанатизм – діни экстремизм мен терроризмнің идеялық-психологиялық негізі», «Діни радикалды агымдардын наным-сенім ерекшеліктері және оларды студент жастарға түсіндіру қажеттілігі» тақырыптарында лекциялары оқылды.

Ұлтаралық достық пен татулықты, халықтардын өзара түсіністігі мен келісімін одан әрі нығайту, жастарды толеранттылыққа тәрбиелеу мақсатында, Казакстан халқынын бірлігі күні мерекесінің қарсаңында «ТарМУ – біздің ортақ үйіміз» атты факультетаралық оқу сайысы өтті. Студенттер Казакстанда тұратын әр ұлттын салт-дәстүрі мен тұрмысы, тарихы мен мәдениетінен үзінділер көрсетіп, олардын тілінде мүдірмей сөйлеп, ұлттық киімдерімен таныстырды. Озбектер, кәрістер, орыстар, ұйғырлар, түркімендер сахнаға шығып, өз елдерінің ұлттық нақыштарын жан-жақты көрсетуге тырысты.

Тәрбие жұмысында қорнекі, бұқаралық ақпараттық құралдарынын және интернет ресурстарынын тиімділігі айқын.

Сондай ақ, жоғарыда аталған конференция еңбектерінің және «Дін саласына катысты заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер» жинақтары, студенттерге арналған радикалды діни идеологиясынын қауіптілігі туралы ақпараттық буклеттер баспадан шығарылып, таратылды.

«Университет тынысы» газетінде дін саласына катысты 3 мақала жарияланды.

Университеттің [www.tarsu.kz](http://www.tarsu.kz) ресми сайтындағы E-Islam ақпараттық-ағартушылық галамтор порталы оқырман жастарға Ислам туралы, Ханафи мазхабынын рухани исламдық құндылықтары және казак жеріндегі діни агымдар туралы ақпарат беріліп, қокейкесті діни сауал сұрақтарына жауап беру мақсатында құрылған. Порталда казак, орыс тілдерінде жастарды теріс пұғылдағы жат агымдардан әрі құмөнді галамтор қоздерінен аластауға ықпалы тиетін материалдар қорымен толықтыруда.

Порталдын негізгі мақсаты оскелен ұрпақтың рухани дүниетанымдылығын қалыптастыруына, дамуына ықпал ету. Порталдағы арнайы «жаналықтар», «мақалалар» айдарында дін саласына байланысты материалдар жарияланады.

Университетте діни экстремизмнің алдын алу мақсатында студенттерге, профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге арналған біркатар бейне-фильмдер қоры жинақталған: («Интервью.KZ» (Тимур Қозырев), «Адасқандар», «Айтуга онай», «Благодать», «Вербовка», «Выход есть», «Діндер съезі», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңға арналған», «Діни – экстремистік кітаптар саудасын бақылау қиын болып барады», «Жасампаздық және диалог», «Зансыз кітап саудасы», «Западня», «Исламдағы дресс-код», «Катерлі Жихаддизм», «Онлайн экстремизм», «Покаяние», «Проданные души», «Саентология», «Секта», «Сирия мәселесі», «Соқыр сенім», «Табиғи жамағат», «Халифат»). Бейне фильмдер академиялық топтардағы кураторлық сағаттарында және оқу гымараттарында орналасқан электронды киоскілері арқылы

корсетіліп тұрады.

Қазақ халқының дәстүрлеріне және менталитетіне сай рухани құндылықтарын насихаттау мақсатында «Әулие - Ата» қазақ ұлттық мәдени орталығымен тығыз байланыста бола отырып, университетте іс-шаралар үнемі ұйымдастырылуда. Сонымен бірге, ұлтаралық және дінаралық сыйластық қасиеттері қазақ халқына ерекше тән болғандықтан, ұлттық салт-дәстүрлерін, әдеп-ғұрыптарын насихаттау барысында, студент жастар кен көлемде ұйымдастырылып тұратын «Наурыз», «Қазақстан халқының бірлігі күні» және т.с.с. мәдени-көпшілік іс-шараларына белсене қатысады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жас Отан» ЖК съезінде «Біз өзімізді мұсылманбыз дегенде халықты орта ғасырға қарай тартпауымыз керек. Біздің қыздарымыз киіп жүрген араб киімі хиджаб біздің жол емес. Тарихымызда мұндай нәрсе ешқашан болмаған. Қазақ әйелдері ешқашан жүзін жауып жүрмеген. Дінді жақсы көреміз, бірақ біздің өз жолымыз, өзіміздің рухани және ұлттық дәстүріміз бар», деп айтқандай, әсіресе қазақ қыздарына қатысты университетімізде республика, облыс және қала көлемінде танымал болып жүрген ұлттық нақыштағы киім үлгілері дайындалынған. Бұл да жастарды қызықтыратын ұлттық дәстүрімізді насихаттау және таратылуының бірден бір түрі болып табылады. Дегенмен, қазіргі таңда атқарылып отырған жұмыстарға қарамастан, студент жастардың арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру, жана тәсілдері мен әдістерін енгізу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар, дінге деген қозқарастары мен қатынасын саралау мақсатында, студенттер арасында өткізілген сауалнамалардың қорытындылары бұл бағытта бірнеше кемшіліктердің бар екендігін дәлелдейді. Қазір дінге сенушілер санының өсуіне студенттердің қозқарастары, діни нанымдардың қалыптасуына кімнің әсері басым болатындығы, қазіргі қоғамдағы діни мәдениет, діни нормалар мен құндылықтар жайлы мәліметтерді қайдан алуы керектігі туралы және т.с.с. сұрақтар бойынша Облыстық жастар мәселелерін зерттейтін Ғылыми орталығы біздің 1-4 курс студенттері арасында әлеуметтік сауалнама жүргізді. Сауалнамаға жалпы студенттер санынан 10 % құрайтын, 600 студент қатысты. Сондай-ақ сауалнама қорытындыларына жүгінетін болсақ, мысалы гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар, мұнай, газ және механика факультеттерінің 1 курс студенттерінің толеранттылық қорсеткішінің төменділігі анықталды. Сауалнама нәтижелері бойынша студенттер арасында ер жігіттерге қарағанда қыз баланың дінге деген қозқарасының басым болып келетіні, діннің дұрыс бағыттағы әдебиеттерін пайдаланатын студенттер санының төмендігі және діни нанымдарының қалыптасуына, жастарды мазалап жүрген сұрақтарға, кенес, бағыт-бағдар беруде кураторлармен оқытушылардың үлесінің төменділігі анықталды. Осыған байланысты, кураторлардың әлемдік діндер тарихы туралы арнайы дайындықтары, базалық білімдерінің болмауынан және педагогикалық біліктілігінің қанағаттанарлықсыздығынан кейбір академиялық топтарда іс-шаралар формалды, бірізді түрлерінде, әңгімелесулер немесе лекциялармен ғана шектеледі. Осыған орай, кураторлардың жұмыс барысына діни экстремизмнің алдын алуға тиісті ұйымдастырылатын іс-шаралар тек теориялық емес, сонымен бірге семинар-практикум, тренингтік бағдарламалар, тәжірибе алмасу және т.б. белсенді форматтарында өткізілуі талап етіледі. Тәрбие жұмысында «Философия және саясаттану», «Педагогика және психология» кафедраларының тәжірибиелерін кенінен пайдалану кураторлардың оқу-әдістемелік сауаттылығын жетілдіруіне өз үлесін қоса алады. Бүгінгі таңда оқу үрдісінде «Дінтану негіздері» пәнінен тек И.Н. Яблокованың және А.И.

Артемьевтын оқулықтары пайдалануда, бірақ жана талаптарға сәйкес кітапхана қорын жана буын әдебиеттерімен, онын ішінде 2014 жылы баспадан шыққан белгілі ғалым-философ Гарифулла Есімнің басқаруымен авторлық топпен әзірленген жинағымен толықтыруды қажет етеді.

Ағымдағы оқу жылының басында «Философия және саясаттану» кафедрасына қарасты «Темірқазық» дінтану клубын ашылуы қойылған мақсаттарға сәйкес жоспарланған болатын, осыған байланысты жана оқу жылынан бастап клубтың қызметін қайта жаңғырту және белсендіру қозғалуда.

Айта кететін болсақ, жатақханаларда алыс мекендерден, ауылды жерлерден, шет елдерден студенттердің тұратындарын және олардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, жастардың аса назардан және үнемі бақылаудан тыс қалмауына көңіл бөлінуі өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Бірақ іс жүзінде оқытушылар кезекшілік кезінде, студенттердің болмалдарын аралап, сұхбаттасу, олардың көңіл-күйін, тұрмыстық жағдайларын, оқуға дайындықтарын білу, жүріс-тұрыс тәртібін қадағалаудың орнына, керісінше, көбінесе осы мәселелерге немқұрайлықпен қарауда.

Қазіргі таңда ТарМУ сайтында порталының мазмұнын және ақпараттық қорын толықтыру, онда «Пікір-талас аланы» топтамасын, «Сарапшылар бағанасын» және ой бөлісетін форум, он-лайн конференциялары, жаналықтар блогтарын уақытылы толықтыруын қамту арқылы сайттың потенциалын толығымен пайдалану мүмкіндігі қажет етеді. Сондай-ақ, «Университет тынысы» газетінің арнайы айдарларында да деструктивті ағымдардың жастардың арасында таралуына қалай қарсы тұру сияқты сұрақтарға арналған мақалалардың жариялануына студенттермен оқытушылардың белсенді тартылуын қамтамасыз ету керек.

Ендігі кезекте осы бағытта жастар ұйымдарының белсенділігі әлсіздік танытып отыруына, шығармашылық студиялары мен спорттық секцияларының студенттерінің санының төмендеуіне орай, олардың белсенді тартылуын қайта жандандыру және конфессияаралық толеранттылықты жастар ортасында насихаттау мақсатында, жастар ұйымы қозғалыстарының және ұйымдарының жұмысын жетілдіруі бойынша жұмыстар жүргізу талап етіліп отыр. Ұлтаралық келісімді, халықтың салт-дәстүрін, ұлтаралық сипаттыққа, толеранттылыққа бейімдеу, тәрбиелеу барысында, әлеуметтік жастар жобаларын, әртүрлі іс-шараларын патриоттық, қызықты мақсатты откізілуіне негізделуі керек.

Келесі айта кететін мәселе, жоғары оқу орындары студенттері университет ішкі тәртіп ережесіне сәйкес келуіне байланысты.

Дегенмен университет ішкі тәртіп ережелері талаптарына және жалпы эстетикаға сай келмейтін киімдерді киіп жүрген студенттер, әсіресе қыздардың хиджаб киюіне еліктеушілігі осы бағытта тәртіпті күшейтуді талап етеді. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3 бабы, 4 тармағында «Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден және зайырлы сипатта болады» деп нақты жазылған. Осы заңның ережесін негізге алатын болсақ, университет пен студент арасында жасалатын келісім-шартта бұл мәселеге тиісті талаптарын енгізуді қарастыруға болады.

Дін тәрізінде түйіткілді тақырыптар талқыланып, қоғамдағы діни ахуалға байланысты күмәнді, теріс пікірлердегі жат ағымдарға қарсы алдын алу жұмыстарын жандандыру, жүйелі және тығыз байланыста жұмыстар жүргізу үшін, Жамбыл облысы Дін істері

Авторлар: Publisher

14.10.2014 10:51 - Жанартылган 14.10.2014 11:04

---

департаментімен және басқа да қызырлы органдармен бірлескен жүйелі іс-шараларды жүргізілуге арналған Меморандумның мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отырып, қайта келісім жасалынса, жұмыстың ары қарай нығайтуына айтарлықтай ықпал етер еді.

М.Х Дулати атындағы ТарМУ-дың  
тәрбие жұмыстары және әлеуметтік  
мәселелер жөніндегі проректор А.Е. Наурызбекова